

Қызылорда облысы Білім басқармасының «Жағаташ индустриалды-аграрлық колледжі» КМҚК мен «МІРАЖ» ШҚ арсындағы өзара ынтымақтастық

МЕМОРАНДУМЫ

Жағаташ ауданы

«15» қараша 2022 жыл

«Жағаташ индустриалды-аграрлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын атынан директоры Серікбаев Ғани Карбоұлы, «Мираж» ШҚ басшысы Бактыбаев Мирабек, техникалық және кәсіптік білімді дамытуға ықпал ету және техникалық қызмет көрсету еңбегінің қадрларын даярлау жөніндегі ынтымақтастық туралы төмендегі мазмұнда Меморандумды жасасты.

Осы Меморандум Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Әлеуметтік серіктестік туралы» Заңдарын басшылыққа ала отырып, 2010 жылдың 7 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау мақсатында жасалды.

1. Меморандумның маңі:

- 1.1. Тараптар арасындағы ұзақ жылғы әріптестікті одан әрі дамыту;
- 1.2. Білікті кадрлар даярлау аумағындағы шешімдерді өзара түсінісіп, оңтас мүддеде болу;
- 1.3. Тараптар арасында болашақта білікті мамандар даярлау мен техникалық және кәсіптік шеңберіндегі өзара келісімді бекіту;

2. Меморандумның негізгі мақсаты:

- 2.1. Тараптар арасында кадрлар даярлау шеңберін бекіту және дамыту мақсатында төмендегідей жалпы принциптерге өзара келісім беруді;
- 2.2. Әріптестік өзара тег және түсіністік жағдайында өтеді;
- 2.3. Меморандум аясында тараптардың білікті маман кадрлар даярлау шеңберінің өзара келісімі нытайып, қолдау көрсетіледі;
- 2.4. Тараптар техникалық және қызмет көрсету мамандықтары бойынша кадрлар даярлау ісін дамытуға бағытталған бірлескен жұмыстар атқаруға мүдделік танытады;

3. Меморандумның мазмұны:

Тараптар білікті мамандар даярлаудың басты сұраныстарын төмендегідей бағыттарда шешіледі:

- 3.1. Өндірістік машықтану өтетін жұмыс орнымен және колледждің инженерлік-техникалық мамандарымен танысады;
- 3.2. Өндірістік оқу сабақтары жүргізілетін оқу кабинеті, шеберханалары және оқу полигондарымен танысады;
- 3.3. Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарын өзара сәйкестендіреді;
- 3.4. Өзара келісімге сәйкес әлеуметтік серіктестік аумағында кадрларды жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес, қажет болған серіктестердің қаржысына даярлайды;
- 3.5. Оқу орнының даму қорын құрады;

- 3.6. Оку орнымен жұмыс берушілер арасында жұмысқа орналастыру тұрамы келісім-шартына отырады;
- 3.7. Оку орнын бітірушілерді жұмысқа орналастыру мәселесін бірлесіп шешеді;
- 3.8. «Жақстар тәжірибесіне» акы төлену механизмінің дамыта отырып, уақытша жұмыс орнын құруды қамтамасыз етеді;

4. Меморандум аумағында әріптестік қызметті өзара түсінісудің формалары

- 4.1. Ақпарат алмасу;
- 4.2. Өзара жұмыс орнын құру;
- 4.3. Оку әрекеті;
- 4.4. Оку-өндірістік әрекеті;
- 4.5. Кездесу, конференция, семинар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру

5. Кәсіпорын:

- 5.1. Практика өтуге «Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнын оқушыларын қабылдауға;
- 5.2. Оқушылардың оқу өндірістік практикаларын өз денгейінде сапалы өтуіне және оқушының өз мамандығы бойынша өтуіне қажетті жұмыс орындарын ұйымдастыруға;
- 5.2.1. Оқушыларға өндірістік машықтану кезінде 50% еңбек акы төлеуге;
- 5.3. Колледждің инженер-педагогтарының жұмыс орнында тағлымдамалар өтуіне;
- 5.4. Колледждің бітіруші түлектерін жұмысқа қабылдауға;
- 5.5. Мамандарды даярлауда оқу үдерісіне көмек көрсетуге мамандарын қатыстыруға бітірушілердің мемлекеттік емтихандаларына мамандарын қатыстыруға;
- 5.6. Колледждің Қамқоршылық кеңесінің құрамына басшылардың қатысуын қамтамасыз етуге;
- 5.7. Колледждің оқу материалдық базасын жаңғыртуға;
- 5.8. Қажет кезінде өз қаржысына маман кадрларды даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға тапсырыс беруге көмек көрсетеді;

6. Жалағаш индустриалды-аграрлық колледж коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын міндеттемелері:


- 6.1. Оқушыларды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша оқытады;
- 6.2. Оку тарбие жоспарына сәйкес оқушылардың оқу, оқк-өндірістік практикаларын өтуін ұйымдастырады;
- 6.3. Оқушылардың білім сапасын жетілдіру мақсатында «Кәсіпорын» мамандарын оқу-тарбие үдерісіне қатыстырады ұйымдастырады;
- 6.4. Мемлекеттік емтихандалар мен біліктілік тағайындау комиссиясы жұмыстарын «Кәсіпорынмен» бірлесіп ұйымдастырады;
- 6.5. Колледжін Қамқоршылық кеңесінің құрамына кәсіпорын басшыларын тартыды;
- 6.6. Кәсіпорынның өз қаражатына маман кадрларды даярлауға берген тапсырысын сапалы денгейде атқарады;
- 6.7. Кәсіпорынның оқу материалдық базаны жаңғыртуға берген қаржысын мақсатты және тиімді пайдалануды жүзеге асырады;

7. Қолдағ оқушыларының кәсіпорын базасында кәсіптік практика өту кезіндегі міндеттері:

- 7.1. «Кәсіпорынның» ішкі тәртіп ережелерін сақтауды;
- 7.2. «Кәсіпорынның» еңбек қорғау қауіпсіздік техникалық ережелерін және өндірістік санитарияны қатаң сақтауды;
- 7.3. Кәсіптік практиканың оқу бағдарламасындағы қалған тапсырмаларды толық орындауды;
- 7.4. Кәсіптік практика өту кезінде күнделікті жүргізуді;
- 7.5. Практика жетекшісіне кәсіптік практиканың оқу бағдарламасын толық орындағаны жөніндегі «Кәсіпорыннан» бекітілген тәлімгердің қолы қойылған жазбаша түрдегі практиканың күнделігі мен есебін өткізуді жүзеге асырады.

8. Меморандумның іс-әрекеті

- 8.1. Тараптар осы Меморандум шеңберінде өзара түсінісуді үйлестіру мақсатында жұмысқа қажетті тиісті бөлімшелерді анықтайды. Үйлестірудің бөлімдер іске асырылатын негізгі қажетті бағыттарды және нақты нәтижеге жеткен жұмысты талдауды осы Меморандум негізінде іске асырады;
- 8.2. Қатысушылар осы Меморандумға сәйкес өзара келіспеушіліктерді кенестер мен келіссөздер арқылы шешеді;
- 8.3. Меморандумға кез-келген уақытта өзара келісім бойынша өзгерістер енгізуге болады;
- 8.4. Осы өзара түсіністік Меморандумы халықаралық құқық пен реттелген заңды құжат болып табылады;
- 8.5. Меморандум Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында қол қойылған және осы Меморандумның мәтіні 2 данада мемлекеттік тілде жасалынған. Тараптардың еркін арасында бірдей мәтінде заңдық күші бірдей болады.
- 8.6. Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және тараптармен осы Меморандум аясында жасалған келісім шарттардағы міндеттемелердің орындалуының аяғына дейін қолданыста болады.

Жалаташ ауданы ЖК «Айнабаева» ШК «МІРАЖ» директоры: Тел: 8 777 270 89 17 М.Бактыбаев 	Жалаташ индустриалды-ағралық колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кесіпорны Қызылорда облысы, Жалаташ ауданы, Абай көшесі №4, Тел: 872431(31-4-35) Т.К.Серикбаев 	Жалаташ ауданының әкімдігі «Жалаташ ауданы әкімі аппараты» ММ Қызылорда облысы, Жалаташ ауданы, Жалаташ кенті, Әйтеке би көшесі №14, Тел: 872431(31)31-4-54 Ж.Е.Есенов 
--	--	---